

**FRIEDRICH
EBERT
STIFTUNG**



Е Қ Ы Ұ Еуропадағы қауіпсіздік және
ынтымақтастық жөніндегі ұйымы
Астанадағы бағдарламалар офисі

ӘРПК


**ЖАЛПАҚ
ТІЛМЕН АЙТҚАНДА**

Авторы:

Мельник Роман Сергеевич, профессор, М.С. Нәрікбаев атындағы ҚАЗГЮУ Университетінің Әкімшілік және неміс құқығы ғылыми мектебінің директоры, з.ғ.д.

Подопригора Роман Анатольевич, Каспий университетіндегі Жария құқық ФЗИ директоры, з.ғ.д.

Бұл кітапша ЕҚЫҰ-ның Астанадағы бағдарламалар Офисі мен Фридрих Эберт (FES) қорының Қазақстандағы өкілдігінің қолдауымен шығарылған. Бұл басылымның мазмұны ЕҚЫҰ-ның Астанадағы бағдарламалар Офисі мен Фридрих Эберт (FES) қорының Қазақстандағы өкілдігінің көзқарасын немесе ұстанатын саясатын білдірмейді және мақұлдауын айқындамайды.



ӘКІМШІЛІК РӘСІМДІК-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСТЕ (ӘРПК)


**НЕ
ЖАЗЫЛҒАН?**

РӘСІМДЕР:

мемлекеттік органдар мен әкімшілік органдарда тіркеу, рұқсат, келісім, тағайындаулар мен тексерулер, мүлік беру істері қалай қарастырылатыны

ПРОЦЕСС:

сот мемлекеттік органдардың (әкімшілік органдардың) митиң өткізуге келісім бермеуі, қызметін шектеуі, лицензия беруден бас тартуы, қосымша салықтар, полиция қызметкерлерінің күш қолдануына қатысты дауларды қалай қарастыратыны жазылған.



ӘРПК КӨМЕГІМЕН ІСКЕ АСЫРУҒА БОЛАТЫН ӘРЕКЕТТЕР:



Ең алдымен, құқық беру, міндеттерді жою, тыйымдарды алып тастау жөніндегі өз мәселелерін шешу үшін мемлекеттік органдарға (әкімшілік органдарға) немесе ол мәселелер шешілмесе, сотқа жүгінуге болады.



Бұл ретте ӘРПК қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік мәселелерін, азаматтардың өзара дауларын қарастырмайды.


Сонымен бірге ӘРПК сізге мемлекеттік орган қызметіндегі кемшіліктер туралы хабарлауға, сол органдардың қызметкерлерін мақтауға немесе олар туралы сын айтуға, ақпарат сұрауға, заңға өзгертулер енгізуге мүмкіндік береді (12-тарауды қараңыз).

ӘРПК қолданылатын салалары мен міндеттері туралы 3 және 5-баптан толығырақ оқи аласыз.



ӘРПК СІЗГЕ ҚАЙ ЖАҒДАЙДА КӨМЕКТЕСЕДІ?

- 1 мемлекеттік органдармен қарым-қатынас кезінде қорғайды;
- 2 ісіңіздің әкімшілік органда қаралғанын бақылайды;
- 3 шешім сіздің пайдаңызға шығарылуы үшін әкімшілік органға ықпал етуге мүмкіндік береді;
- 4 әкімшілік органның шешімі мен әрекеті туралы жоғары тұрған органдарға немесе әкімшілік сотқа қарсы пікір білдіру құқығын береді;
- 5 мемлекетпен арада болған дауды қарастырғандағы сот көмегі;
- 6 сіз ұсынған шарттарға сүйеніп мемлекетпен мәмілеге келуге мүмкіндік береді.



ӘРПК-де ӘКІМШІЛІК ОРГАНДАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР МЕН ОЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ ЖАЗЫЛҒАН.

ОЛАР ОРЫНДАЛМАСА,
МЕМЛЕКЕТ ШЫҒАРҒАН
ШЕШІМДЕР КҮШІ
ЖОЙЫЛУЫ МҮМКІН

ӘКІМШІЛІК ОРҒАН:

- өз қалауына қарай бұрын қабылдаған шешімдерін жоя алмайды;
- азаматтың құқығын аз шектейтін шешімге басымдық беруге міндетті;
- формал талаптармен зиян келтіре алмайды;
- әдетте сотта дәлелдеу міндеті жүктеледі.

АЗАМАТ:

- барлық күмән мен қарама-қайшылықтар оның пайдасына түсіндіріледі;
- ол тапсырған барлық құжаттарды әкімшілік орган шынайы деп санайды;
- сот оған талаптарды дұрыс құруға, дәлелдер жинауға және іс бойынша шығарылған шешім туралы пікірін алдын ала білдіруге көмектеседі.

Әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік сот істерінің принциптері туралы ӘРПК 6–18 баптарынан толығырақ оқи аласыз.



ЖАЗБАША НЕМЕСЕ АУЫЗША АРЫЗЫҢЫЗДЫ ҚАЙ ӘКІМШІЛІК ОРГАН ҚАБЫЛДАЙДЫ?

1

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР:

министрліктер, агенттіктер, комитеттер, олардың құрылымдық бөлімшелері мен өңірлік органдары, әкімдіктер;

2

ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ:

мәслихат, жергілікті қоғамдастықтың жиналысы (жиыны);

3

МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕЛЕР:

мектептер, ауруханалар, архивтер;

4

БАСҚА ҰЙЫМДАР:

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, техникалық тексеру операторлары.

Сонымен қатар хатыңызды **ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАҒА** да, мысалы, әкімге, бас мемлекеттік санитарлық дәрігерге немесе сот орындаушысына жіберуіңізге болады.



ҚАЛАЙ АРЫЗ БЕРУГЕ БОЛАДЫ?

1-ҚАДАМ



АДРЕСАТТЫ ТАҢДАҢЫЗ.

Хатты мәселеңізді шешуге жауапты органға жазу қажет. **Мысалы**, арызыңыз жеке кәсіпкерлік тіркеу мәселесіне қатысты болса, мемлекеттік кіріс органдарына жүгінесіз, заңды тұлғаларды тіркеумен «Азаматтарға арналған үкімет» немесе әділет органдары айналысады, ал жұмыссыздарды әкімдік тіркеуге алады. **Егер хатты басқа адресатқа жолдап қойсаңыз, әкімшілік орган өзі хатыңызды қажет адресатқа жібереді.**

2-ҚАДАМ



АРЫЗ БЕРУ ТӘСІЛІН ШЕШІП АЛЫҢЫЗ

Арызды әкімшілік органның өзіне беруге, ХҚКО арқылы жолдауға, үкіметтің веб-порталынан немесе «е-Өтініш» платформасынан жіберуге болады. **Ешкім арызыңызды қабылдамаймыз дей алмайды.**



МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ: әкімшілік рәсім сіздің келісіміңізсіз-ақ басталуы мүмкін. **Мысалы**, әкімшілік орган жер учаскесін мемлекет қажетіне пайдалану туралы бастаманы өзі дербес көтереді.

Әкімшілік рәсімді қозғау туралы
ЭРПК 9-тарауынан толығырақ оқи
аласыз.




АРЫЗ БЕРГЕН СОҢ:

- өз құқығыңыз мен міндеттеріңіз туралы түсініктемелер алуға;
- өтінішхат жазуға, дәлелдер ұсынуға, түсініктемелер беруге;
- шешім қабылдардан бұрын өз пікіріңізді білдіруге (артқы беттен қараңыз);
- іс материалдарымен танысуға, үзінді көшірмелер алуға және көшірмесін жасауға;
- өкіл тағайындауға;
- ана тіліңізде сөйлеуге, аудармашының қызметіне жүгінуге;
- арызыңызды кері қайтарып алуға;
- шығарылған шешімге шағымдануға қақыңыз бар.



Әкімшілік орган арыз түскен уақыттан бастап **15 жұмыс күні** ішінде шешімін айтуға міндетті (бірақ шешім шығару мерзімін екі айға дейін созуы мүмкін).

Әкімшілік іс жүргізудегі құқықтар мен міндеттер туралы толығырақ – АПК-нің 22-бабы



ЕГЕР ӘКІМШІЛІК ОРГАННЫҢ ШЕШІМІ ҚҰҚЫҒЫҢЫЗДЫ ШЕКТЕЙТІН, СІЗГЕ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЙТІН НЕМЕСЕ БАСҚА ЖОЛДАРМЕН ЖАҒДАЙЫҢЫЗДЫ ҚИЫНДАТАТЫН БОЛСА, ӨЗ ҰСТАНЫМЫҢЫЗДЫ БІЛДІРУГЕ ЖӘНЕ ЖАҒДАЙДЫ ЖАҚСARTУҒА ҚАҚЫҢЫЗ БАР.




ҚАЛАЙ?

- Әкімшілік органның алдын ала шығарылған шешімінің жобасына жазбаша жауап беріп
- ақпараттық жүйелерді, бейнебайланысты пайдаланып;
- әкімшілік органға барып өз ұстанымыңызды білдіруге болады.

Егер қарсы пікіріңізді ауызша білдірсеңіз, сізді тыңдап, сөзіңізді хаттамаға түсіреді.

Әкімшілік рәсімдегі құқықтар мен міндеттер туралы ӘРПК 22-бабынан, тыңдау құқығы туралы 73, 74-бабынан толығырақ оқи аласыз.



ӘКІМШІЛІК ОРГАННАН ӘКІМШІЛІК АКТ АЛАСЫЗ

Құқықтық басымдық беретін, міндет жүктейтін, шектеу қоятын немесе басқа да құқықтық салдары бар шешім



**ҚАНДАЙ
БОЛУЫ
МҮМКІН?**


ҚОЛАЙЛЫ

заңды тұлғаны тіркеу туралы бұйрық, жер учаскесін беру туралы шешім, карантин шектеулерін алып тастау туралы қаулы

ЖАҒДАЙДЫ ҚИЫНДАТАТЫН

лицензия беруден бас тарту туралы бұйрық, құрылыс жұмыстарын уақытша тоқтату туралы ұйғарым, салық төлеу керегі туралы хабарлама

*Әкімшілік актілер туралы ӘРПК
11-тарауынан толығырақ оқи аласыз.*



ӘКІМШІЛІК ОРГАННЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТКЕНІ/ЕТПЕГЕНІ ӘКІМШІЛІК АКТ БОЛЫП САНАЛМАЙДЫ

Қажет кезде әкімшілік органның **ӘРЕКЕТ ЕТКЕНІ** немесе **ӘРЕКЕТ ЕТПЕГЕНІ** туралы жоғары тұрған органдарға шағымдануыңызға немесе сотта қарсы пікір білдіруіңізге болады.

ӘРЕКЕТ ЕТУ:



анықтамалар беру, есепке алу, көшелерді күзету, кеңес беру

ӘРЕКЕТ ЕТПЕУ:



санитарлық іс-шаралар немесе абадтандыру жұмыстарын жүргізбеу, апат салдарын жоймау..



ӘКІМШІЛІК ОРГАН ШЫҒАРҒАН ШЕШІМГЕ КЕЛІСПЕСЕҢІЗ, ОҒАН ҚАЛАЙ ШАҒЫМ ТҮСІРУГЕ БОЛАДЫ?

1-ҚАДАМ

Жоғары тұрған органға немесе әкімшілік орган бағынатын тұлғаның атына сіз қарсы пікір білдірмек болған шешім немесе әрекет туралы жазбаша шағым әзірлеу.

2-ҚАДАМ

Қай әкімшілік органның шешіміне немесе әрекетіне келіспесеңіз, сол әкімшілік органға шағым жазу.

3-ҚАДАМ

Шағымыңыз бойынша жазбаша шешімді шағым келіп түскен (поштамен немесе басқа тәсілмен жеткен) күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде күту.

4-ҚАДАМ

Берген шағым бойынша жоғары тұрған органның немесе лауазымды адамның шешіміне келіспесеңіз, бір ай ішінде әкімшілік сотқа талап арыз жазыңыз.

*Шағым жазу тәртібі туралы
ӘРПК 91–101 баптарынан
толығырақ оқи аласыз.*



ӘКІМШІЛІК ОРГАНҒА ҚАРСЫ ТАЛАБЫҢЫЗДЫ ҚАЙ СОТ ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА ҚАРАСТЫРАДЫ?

Көп жағдайда мұндай талапты **мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сот** (МАӘС) қарастырады. Мұндай сот әр облыста және ірі қалаларда бар.



астанада, республикалық маңызы бар қалада немесе облыс орталығында тұрмайтын болсаңыз, талапты өзіңіз тұратын аймақтағы аудандық (қалалық) сотқа берсеңіз болады;




егер әскери қызмет атқарып жүріп, әскери басқару органдарына немесе әскери бөлімшелерге қарсы талап қоятын болсаңыз, онда гарнизондағы әскери сотқа жүгінесіз;



егер Орталық сайлау комиссиясының немесе Орталық референдум комиссиясының шешіміне немесе әрекетіне шағымданатын болсаңыз, талабыңызды Жоғарғы сотқа жазасыз.

*Сот ережелері және әкімшілік
сот туралы ӘРПК 102–109
баптарынан толығырақ оқи
аласыз.*



ӘКІМШІЛІК СОТҚА ЖҮГІНЕРДЕН БҰРЫН МЫНАЛАРДЫ ЕСКЕРУ КЕРЕК:



мерзімін өткізіп алмау (талап түріне қарай мерзімі де әртүрлі, алайда жалпы мерзім – бір ай);



сотқа дейінгі шағым беру рәсімінен өту (дәлірек айтқанда, әкімшілік органның шешіміне қарсы жоғары тұрған органға немесе жоғары тұрған лауазымды тұлғаға шағым беру);



0,3 АЕК мөлшерінде мемлекеттік баж төлеу (кей жағдайда сот баж төлеуден босатуы мүмкін);



құқығыңыз, еркіндігіңіз немесе мүддеңіз расында бұзылғанына (және сіз сотқа бұзылғанын растайтын мәліметтерді беруге дайын екеніңізге) көз жеткізу.

*Сотқа жүгіну шарттары туралы
ӘРПК 5, 9, 91, 131, 136, 138-бабынан
толығырақ оқи аласыз.*



ӘКІМШІЛІК СОТҚА БЕРІЛЕТІН ТАЛАП ҚАЛАЙ РӘСІМДЕЛУГЕ ТИІС?

ТАЛАПТА МЫНАЛАР ҚАМТЫЛУЫ КЕРЕК:

- сот атауы;
- талапкер мен жауапкер туралы толық және дұрыс деректер;
- әкімшілік органға қойылған талаптар, азамат құқығының бұзылуы мазмұны мен дәлелдері;
- әкімшілік органның шешімдеріне немесе әрекеттеріне сотқа дейін шағым берілгені туралы ақпарат;
- талапқа қоса өткізілген құжаттар тізімі;
- мемлекеттік баж төленгенін растайтын құжат;
- талапкердің қолтаңбасы.

Талапты компьютерде теріп немесе қолмен жазуға, сотқа жазбаша немесе сандық қолтаңбамен (сот кабинеті арқылы) электрон құжат түрінде өткізуге болады. Жауапкер саны қанша болса, сонша талап пен қосымша құжаттардың көшірмесін жасап өткізу керек.

Талапқа қойылатын шарттар туралы ӘРПК 131-бабынан толығырақ оқи аласыз.



ӘКІМШІЛІК СӨТ ІСІҢІЗДІ ҚАНША УАҚЫТ ҚАРАЙДЫ?

ЖАЛПЫ ТӘРТІП:



Жалпы тәртіп: талап қойылған күннен бастап **ҮШ АЙҒА** дейін

Істің қиындығына қарай тағы үш ай қосылып **ЕҢ КӨБІ АЛТЫ АЙ** қаралуы мүмкін.

Істердің кей санаттары бойынша сот аз уақытта шешім шығарады:



10 жұмыс күні ішінде (мемлекеттік сатып алулар және сот орындаушыларының қызметі);




бес күнтізбелік күнге дейін (сайлау және референдумдар мәселесі);



екі күнге дейін (сот ісіне қатысу үшін сайланатын адамды іріктеу мәселесі).

*Істерді қарау мерзімі туралы
ӘРПК 146, 163, 166-бабынан
толығырақ оқи аласыз.*



ӘКІМШІЛІК СОТ ІСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫМЕН ҚАТАР МІНДЕТТЕРІ ДЕ БАР

ҚҰҚЫҒЫ

әрбір
азаматтың
сот талқылауына
белсенді
қатысуы
үшін қажет

МІНДЕТТЕРІ

талқылауға
қатысушылардың
ешбірі сот
ісіне кедергі
келтірмеуі
үшін қажет

Құқығыңыз бен міндеттеріңізді өзіңіз тікелей пайдалануыңызға немесе адвокаттардың, заң кеңесшілерінің қызметіне жүгінуіңізге болады.



МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ: сіздің сотқа қатысқаныңыз өкіл тағайындау құқығыңызды шектемейді.

Әкімшілік сот **өз құқығыңызды толық пайдалануға көмектесуге міндетті**, алайда оны заңсыз іске, мысалы, мерзімін созуға, дәлелдерді жасыруға пайдалануға болмайды.



ТАЛАП ҚОЙҒАННАН КЕЙІН:

СІЗДІҢ ҚҰҚЫҒЫҢЫЗ:

- іс материалдарымен танысуға, олардан үзінді көшірмелер алуға және көшірмелерін жасауға;
- дәлелдемелер ұсынуға және оларды зерттеуге қатысуға;
- түсініксіз мәселелерді түсініп алу үшін соттың көмегіне жүгінуге;
- ауызша және жазбаша түсініктемелер, түсініктер беруге, талапқа байланысты дәлелдер келтіруге;
- істегі басқа қатысушыларға сұрақ қоюға;
- қолдауға немесе қарсылық білдіруге;
- сот шешіміне шағым беруге;
- аудармашының көмегіне жүгінуге қақыңыз бар.



ТАЛАП ҚОЙҒАННАН КЕЙІН :

СІЗДІҢ МІНДЕТІҢІЗ:

- істің мән-жайы туралы сотқа шынайы және толық ақпарат беруге;
- сотқа іс бойынша дұрыс шешім қабылдауға септігін тигізетін құжаттар ұсынуға;
- сотқа шақырғанда баруға;
- сотқа құрметпен қарауға;
- соттың нұсқаулары мен өкімдерін орындауға;
- өз құқығын адал пайдалануға;
- сотта тәртіп сақтауға міндетті боласыз

Әкімшілік соттағы құқық пен міндеттер туралы ӘРПК 16, 28, 128–130, 143, 147-бабынан толығырақ оқи аласыз.



ӘКІМШІЛІК СОТ ҚАНДАЙ ШЕШІМ ШЫҒАРУЫ МҮМКІН?




Әкімшілік сот қандай жағдай болса да, **ЕШҚАШАН** азаматтарды **ЖАЗАЛАМАЙДЫ!**

Ең ауыр деген шешім – талапты қабылдамай қою.

ӘКІМШІЛІК СОТТАН КҮТУГЕ БОЛАТЫН ӘРЕКЕТТЕР:

- » әкімшілік орган шығарған шешімді немесе әрекетті заңсыз деп тану және жою;
- » әкімшілік органды өз шешімін орындауын тоқтатуға міндеттеу;
- » әкімшілік органды талапкерге маңызды шешім шығаруға немесе әрекет етуге міндеттейді;
- » әкімшілік органның шешім шығаруына немесе әрекет етуіне тыйым салу;
- » талапкердің белгілі бір құқығы барын айқындау;
- » әкімшілік органды талапкерге келген залалдарды өтеуге міндеттеу.



ӘКІМШІЛІК СОТТЫҢ ШЕШІМІ ТАЛАП ТҮРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ БОЛАДЫ

ТАЛАП ТҮРЛЕРІ:

ДАУ АЙТУ жөніндегі талап бойынша:

әкімшілік органның шешімін заңсыз деп таниды және оны толығымен немесе ішінара жояды,

әкімшілік органды шешімді орындамауға және талапкерді бастапқы жағдайға қайтаруға міндеттейді;

МӘЖБҮРЛЕУ жөніндегі талап бойынша:

әкімшілік органды талапкерге қажет шешім шығаруға міндеттейді,

әкімшілік органды талапкерге қарсы шешім шығармауға міндеттейді;

ӘРЕКЕТ ЕТУ жөніндегі талап бойынша:

әкімшілік органды нақты әрекет етуге міндеттейді,

келешекте әкімшілік органның нақты әрекет етуіне тыйым салады;

ТАНУ жөніндегі талап бойынша:

құқықтық қатынас не оның мазмұны бар немесе жоқ екенін мойындайды,

актінің күші жойылғанымен, жағымсыз салдарға себеп болса, оны заңсыз деп таниды.

Әкімшілік соттың шешімдері туралы ӘРПК 156–160 баптарынан толығырақ оқи аласыз.



ІСІҢІЗ БОЙЫНША ӘКІМШІЛІК СОТ ШЫҒАРҒАН ШЕШІМГЕ ҚАЛАЙ ШАҒЫМ ТҮСІРУГЕ БОЛАДЫ?

АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ ШАҒЫМ БЕРУ



— Облыстық соттың әкімшілік істер жөніндегі сот алқасына шығарылған шешімнің заңды екенін тексеру талабымен жүгіну

Талапкер Сот шешімі шыққан күннен бастап **ЕКІ АЙ** ішінде шағым бере алады. Белгіленген осы мерзімнен кешігіп қалса, бұл шағымды қараудан бас тартуға негіз болады.

Сот алқасына шағымды қарауға түскен күннен бастап **ҮШ АЙ** ішінде қарауға уақыт беріледі (ең ұзағы жарты жылға дейін жетуі мүмкін). Істердің кей санаттары бойынша істі аз уақытта қарап, шешім шығарады.

Талапкер **сот шешіміне де, сот ұйғарымына да** апелляция бере алады.

Әкімшілік сот шығарған шешімге берілген апелляциялық шағымдарды кемінде үш судья қарайды.

Апелляциялық шағым туралы
ӘРПК 24, 25, 168-бабынан
толығырақ оқи аласыз.

